

## **Атырау облысының мүгедектеріне газетке жазылуды ресімдеуде біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Тәртібін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы әкімиятының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 45 қаулысы. Атырау облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 15 наурызда N 1876 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 4 қазандағы N 288 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011.10.04 N 288 қаулысымен .**

III шақырылған облыстық мәслихаттық IV сессиясының 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 59-III "III шақырылған облыстық мәслихаттық III сессиясының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы № 23-III шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне сәйкес облыстық әкімият қаулы етеді:

1. Қоса берілген Атырау облысының мүгедектеріне газетке жазылуды ресімдеуде біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Тәртібі бекітілсін.

2. Атырау қаласы және аудандар әкімдері, облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы осы қаулымен бекітілген Тәртіпке сәйкес біржолғы әлеуметтік көмекті тағайындауды және беруді қамтамасыз етсін .

3. Атырау облыстық қаржы басқармасы облыстық бюджетте 258.15.00 " Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік төлемдер" бағдарламасы бойынша осы мақсатқа қаралған қаражат есебінен біржолғы әлеуметтік көмекті уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.И. Байғожинға жүктелсін.

### *Облыс әкімі*

Облыстық әкімияттың  
2004 жылғы 12 ақпандағы  
№ 45 қаулысына қосымша

## **Атырау облысының мүгедектеріне газетке жазылуды рәсімдеуде біржолғы әлеуметтік көмек көрсету Тәртібі**

Осы тәртіп Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 сәуірдегі № 374-І " Азаматтардың кейбір санаттарына жеңілдіктер беру мәселелері жөніндегі

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы № 1758 "2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді сауықтыру Бағдарламасы туралы" қаулысы негізінде және III шақырылған облыстық мәслихаттың IV сессиясының 2004 жылғы 23 қаңтардағы № 59-III "III шақырылған облыстық мәслихаттың III сессиясының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 23-III шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне сәйкес жасақталды.

## **1. Тағайындау тәртібі**

1.1. Атырау облысының мүгедектеріне газетке жазылуды ресімдеуде біржолғы әлеуметтік көмек (алға қарай - әлеуметтік көмек) жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарымен тағайындалады.

1.2. Әлеуметтік көмекті тағайындауға құқығы бар азаматтар тұрғылықты жері бойынша жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарына әлеуметтік көмекті тағайындау жөнінде жеке арыз тапсырады.

1.3. Әлеуметтік көмек тағайындалғаннан кейін жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына алушылардың мекен-жайы көрсетілген тізімді жасақтап, жолдайды.

1.4. Жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары әлеуметтік көмектің дұрыс тағайындалуына жауап береді.

## **2. Әлеуметтік көмекті төлеу және қаржыландыру тәртібі**

2.1. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру 2004 жылға арналған жергілікті бюджетте осы мақсатқа қаралған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2.2. Жергілікті органдар облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына қаржыландыруға өтінім береді.

2.3. Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы жергілікті органдардың өтінімі негізінде облыс бойынша әлеуметтік көмекті төлеуге қажет қаражат мөлшерін анықтап, облыстық қаржы басқармасына өтінім береді.

2.4. Атырау облыстық қаржы басқармасы облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының өтінімі негізінде жергілікті бюджетте қаралған қаражат есебінен әлеуметтік көмекті төлеуге қаражат бөледі. Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы қаражат түскеннен кейін, оларды сонымен қатар, келісім-шартқа сәйкес комиссиялық сыйақыны да "Қазпошта"

Ашық Акционерлік қоғамының облыстық филиалының ағымдағы шотына аударады.

### **3. Есеп жүргізу және есеп беру тәртібі**

3.1. Әлеуметтік көмек көрсетудің есебін жүргізу және есеп беру еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарына жүктеледі.

3.2. Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы "Қазпошта" Ашық Акционерлік қоғамының облыстық филиалымен бірге әлеуметтік көмекке төленген қаражатқа салыстыру актіні жасайды.

3.3. Жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары белгіленген үлгіде және тәртіппен облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына есеп береді.

3.4. Әлеуметтік көмекті төлеуге бөлінген қаражатты мақсатты пайдалануға бақылау жасау уәкілетті органдармен жүзеге асырылады.